

### Әдебиеттер тізімі:

1. Жұмалиев Қ. Қазақ әдебиеті тарихының мәселелері. – 16 б.
2. Алтынсарин Ы. Таңдамалы шығармалар. – Алматы, 1955. – 70 б.
3. Ильминский Н.И. Воспоминания об Ибрае Алтынсарине. – Казань, 1891. – С. 215.
4. Алтынсарин И. Начальное руководство к обучению киргизов русскому языку. – Оренбург, 1871.
5. Хасанова С. Ыбырай Алтынсарин шығармаларының тілі. – Алматы, 1972. – 17-20 б.
6. Сулейменов Б. Проблема изучения научно-педагогического и литературного наследия Алтынсарина // Вестник АН Каз ССР. – 1967. – №1. – С. 22-28.

## ЫБЫРАЙ АЛТЫНСАРИННЫҢ ОҚЫТУ ЖӘНЕ ТӘРБИЕЛЕУ ТЕОРИЯЛАРЫНА ӨЗІНДІК КӨЗҚАРАСЫ ТУРАЛЫ

*Ақышева Балайым Жансейітқызы,  
А.М.Горький атындағы гимназия  
қазақ тілі, әдебиет мұғалімі  
Айнабекова Ақмарал Сабитқызы,  
А.М.Горький атындағы гимназия  
қазақ тілі, әдебиет мұғалімі*

### Аннотация

Өзектілігі: «Туған елге пайдалы іске қолдан келгенінше үлес қосу – әрқайсымыздың міндетіміз», – деп кеткен көреген ғұламаның сөзі де, ісі де әрқайсымызды өмірге құлшындырып, жаңа ғасырлардан жалғасын тапқан. Ы.Алтынсариннің XIX ғасырдың аяғында өзінің педагогикалық қызметінде ұстанған негізгі принциптері XXI ғасырға аяқ басқан, Қазақстанның қазіргі рухани-мәдени дамуында өзінің өзектілігін жоғалтқан жоқ. Керісінше, олар уақыт өткен сайын жаңа серпінге ие болып, дами түсуде.

Мақсаты: Ыбырай Алтынсаринның ағартушылық идеяларын зерттеу арқылы анықтау және қазіргі таңдағы білім беру үдерісімен байланысы мен үндестігін белгілеу.

**Түйінді сөздер:** көзқарас, ағартушылық, білім беруде, жаңашыл, мәселелері, педагогика негіздері, психологиялық жағдайлар, даму, кәсіби, қазіргі.

### Аннотация

Актуальность: «Долг каждого из нас – служить своей стране сколько хватит сил и возможностей» – слова и дела одного из самых видных ученых казахского народа нашли продолжение в новом веке и заставляют нас думать. Основные принципы педагогики, которых придерживался Ыбырай Алтынсарин в конце XIX века нашли отражение в XXI веке. Они не потеряли своей актуальности в духовно-культурном развитии современного Казахстана. Наоборот, чем больше проходит времени, тем все сильнее набирают обороты развития те принципы педагогики, которых придерживался великий педагог Казахстана.

Цель: исследуя просветительские идеи Ыбырай Алтынсарина определить и выделить связь и созвучие современного образования.

**Ключевые слова:** отношение к образованию, просвещение, в образовании, новизна, проблемы, основы педагогики, психологические ситуации, развитие, профессиональные, современные.

### Abstract

Relevance: «The duty of everyone is to serve his country as long as possible». Words and deeds of one of the most outstanding scientists of the Kazakh people were continued in the new century and make us think. The basic principles of pedagogics, which YbyrayAltynsarin adhered at the end of XIX century. They have not lost their relevance in the spiritual and cultural development of modern Kazakhstan.

Goal: On the contrary, the more time passes, the more and more the principles of pedagogics, which a great teacher of Kazakhstan held, are gaining momentum.

**Keywords:** attitude to education, education, in the system of education, novelty, problems, base of pedagogics, psychological situations, development, professional, modern.

Ғылыммен қаруланған, әр нәрсеге дұрыс көзқарасы бар адамдар қазақ арасында көбейіп, бүкіл халыққа әсер ете алады. Ы.Алтынсарин XIX ғасырдың екінші жартысында Қазақстанның білім беру жүйесінің дамуы мен қалыптасуына үлкен үлесін қосқан. Ыбырай Алтынсаринның қазақ халқы алдындағы еңбегі айшықталып танылып, әлдеқашан тиісті бағасын алған. Өзінің жарты ғасырдай ғана өмірінің тең жартысында өз ұлтына қызмет етуден бір сәт жалықпаған, елі мен жұртын жан-тәнімен сүйген.

Ыбырай Алтынсаринның арман – мақсаты, өмірлік мүддесі халық ағартуға бағытталғандықтан істеген ісінің бәрі де бір қызықты да қиын жұмыстардың сан алуан мәселелерімен үндесіп жатады. Оның артына қалдырған жазба мұрасының бәрінің басын біріктіре қарасақ педагогиканың бөлінбейтін бөліктері – оқыту және тәрбиелеу теориялары, өзіндік жүйесі. Ыбырайдың ағартушылық, демократтық көзқарасында халық тағдырына қатысты ірі мақсат жатыр. Оның түсінігі бойынша, білім дегеніміз, төңіректегі ақиқатты тану. «Табиғи ақыл айналадағы бізді қоршағанды ғана қамтуға қабілетті, ал, оны дамытып, біздің көрмегенімізді де білуге қабілетті ететін дүниелік (светский) білім ғана» деп көрсетті Ыбырай Алтынсарин. Оның ағарту идеясы қоғамда ғылым мен білімнің рөлін дәріптеуге бағытталған. Ол тәрбие алған жас қауым өкілдері, қазақтың оқыған «көзі ашықтары» ұлы ұстаздың игі бастамаларын әрдайым коштап, прогрестік көзқарасына өз сүйіспеншілігін білдіріп отырды. Көзқарасындағы барлық дұрыс бағыттары, ол өмір сүрген дәуірдегі қоғамдық тұрмыс пен сана арасындағы қайшылықтың бетін ашты, ұлы педагогтің қалдырған мұраларын қазақ халқының сол кездегі талаптілегі, мұң-мұқтажы тұрғысынан қарап, өткен заманның прогресшіл қозғалыстарының үлгі-өнегесіне, әсер–ықпалына тығыз байланысты түрде талдады. Қазақ даласына әкелген басты жаңалықтарының бірі – кәсіптік мамандық беретін оқу орындарын ашып, олардың әрі қарай дамуын ойластырып, қазақ жастарына қажетті мамандар даярлау ісіне зер салды, қазақ елінің экономикасының өркендеуіне тигізетін пайдасын күні бұрын көре білді. Өз дәуірінде Ы. Алтынсарин Қазақстанның экономикалық даму келешегі, қазақ халқының болашағы, оның қандай жолмен алға басатыны туралы аса құнды, терең ой-пікірлер айтты. Қазақстанның дамуын табиғи процесс ретінде қарады. Ыбырай Алтынсариннің бұл ойлары осы күнде де маңыздылығын жоймаған. Оқыту әдістерін жаңа бағытта құрып, оқуға деген баланың ынтасы мен қызығушылығын арттыруды көздеді, озық ойлар енгізді.

Ыбырай Алтынсарин қазақ халқының өзіне тән ұлттық-тәрбие үрдістерін ағарту ісімен ұштастыра отырып, бүгінгі педагогика саласындағы бірнеше бағыттардың негізін салды. Ол Қазақстандағы мектептердегі оқыту, білім беру ісін бір жүйеге келтіруді талап етіп, соны белгілі жолға қойды. Оның жаңашыл әдістерінің бірі – оқытудағы оқу үрдісін ана тіліне негіздей отырып, орыс тілін меңгеру болса, оқу үрдісіндегі жаңашыл идеясының бірі – оқулықтар мен оқу құралдарын орыс графикасына сүйене отырып, жаңа алфавит негізінде жасау болды. Ыбырайдың бұл ісі-ағарту саласындағы ұлттық тәлім-тәрбие мен білім мазмұнын сақтай отырып, күнделікті оқыту ісіне енгізу еді. Ы.Алтынсарин мектептерінің оқу жоспарлары мен бағдарламаларының құрылымы, оқулықтары мен оның мазмұны ұлттық білім беру талабына сай құрылды. Әдістемелік еңбектерінде жас ұрпақты тәрбиелеудегі оқыту мен тәрбиелеу мәселелерін көтеріп, өзектілігін шешуге ұмтылады, оның әлеуметтік органы қайта жаңғыртудағы рөлін көрсетеді [1, б. 11].

Білім беру жүйесін реформалау кезеңінде Ыбырай Алтынсариннің педагогикалық идеялары, әдістемесіндегі көтерілген мәселелер өзінің өміршеңдігін танытып отыр. Ұлы ұстаздың педагогикалық көзқарасындағы ұсынған балаға еркіндік беру, жүрек жылуын беру, мұғалім мен оқушы арасындағы ынтымақтастық, оқушы бойынан жақсы қасиеттерді табу тәрізді ұстанымдар білім беруді дамытудың басты мәселесіне айналып отыр. Ыбырай дәстүрі осылайша бүгінгі таңда жалғасын табуда. Білім берудің мәні-алған білімнің санында емес, әр түрлі көзқарастардың жалпылығы мен әмбебаптығында байланысты дидактикалық міндеттерді қоя білу және орындау саласында Алтын-

сарин үлкен табысқа жетті. Ол мектепте ұйымшылдық және тәртіп орнатып, оқу процесінде қатаң режим және оқушылар арасында тәртіп болуын талап етті. Алтынсариннің міндеттері мұғалім туралы нұсқаулары – оларға қалай оқыту керектігі, оқушылармен болатын байланыс, олардың қалай оқу керектігі-оның өз заманындағы методиканы терең және жан-жақты білгенін көрсетеді. Оқушымен қарым-қатынас неғұрлым жақсы, оқушылардың көңіл-күйіне әсер неғұрлым көп болса, сабақ соғұрлым табысты болатынын нақтылы мысалдар арқылы түсіндірді. Алтынсарин қандай да болмасын оқулықтардың құнды жақтарын меңгеріп, оларды мектептерде пайдалануға бар күштерін салды. Оқу методтары мен балаларды оқыту тәсілдерін Ы. Алтынсарин мұғалімдерге олардың кең тәрбиелік мағынасында түсіндіретін: 1) оқыту методтары- балалардың жүре келе мектепке, сабаққа кейіннен ғылымға, өз бетімен білім алуға құмарландыратын (ынталандыратын, ықыластандыратын) жол; 2) сабақта балалардың ойлау қабілетін арттыратын жаттығулар қажет, мысалы, әңгіме, түсіндіру арқылы оқыту методы. Бұл көрнекілік заттарды және өмір фактілерін пайдалануға көмегін тигізеді: заттарды және құбылыстарды суреттеу, олардың қасиеттерін салыстыру, әр түрлі қортындылар жасау. Сондықтан да балаларда дұрыс ойлау қабілеті қалыптаса бастайды.

Бүгінгі таңда тәуелсіз мемлекетіміздің білім саласындағы басты мақсаты – білімнің жаңа ұлттық үлгісін енгізу және оны қалыптастыруға толық негіз қалау. Тарихтың даму белестерінде әрбір халық, саяси-әлеуметтік, мәдени және идеологиялық жағдайына сай рухани-дәстүрлік, адамгершілік қасиеттерін қалыптастырып, оны ұрпақтар игілігіне қалдырып отырады [2, б. 42]. Жаңа ғасыр-ерекше кезең. Бұл кезеңге ғасырлар бойы жинақталған іс-тәжірибелерімізге, бай мұраларымызға талдау жасалынып, жіктеліп, ойларымыз қорытылып, нәтижесінде белгілі бір жүйеге келу-өмір талабы. Ұлттық педагогикамыздың ірге тасын қалаушы Ыбырай Алтынсариннің ағартушылық идеялары, ізгі ойлары, талғамы бүгінгі күні білім ошақтарында жалғасын тауып отыр. Қазіргі жастар тәрбиесінде, сонымен қатар жас жеткіншектерді тәрбиелеуде мектептің рөлі және сол білім ұясындағы біздер, ұстаздардың, еңбектерінде жиі кездесетін, сол идеяларға сүйене отырып еңбек жолымызды шыңдаймыз. Еліміздің үлкен бір проблемасы жастар проблемасы болып саналады. Ендеше бүгінгі алға қойған мақсат Ыбырай Алтынсариннің еңбек, тәртіп, тәрбие идеяларына тоқталып, қазіргі заман талабымен ұштастыру. Ыбырай атамның ізгі ойлары мен педагогикалық идеяларында оның ішінде оқушы жастарды имандылыққа тәрбиелеу тәсілдері мен жолдарына айрықша көңіл бөлінеді. Данышпан әр оқушыны біртұтас жасампаз тұлға деп қарайды. Сондықтан жеке адамның бойынан жоғарыда айтылған адамгершілік қасиеттерінің бәрі табылса біртұтас мінез қалыптастырады. Бұлар мектеп қабырғасындағы мұғалімдердің оқушыларға дұрыс жүйелі, табанды түсіндірумен, балаларға дұрыс талап қоя білулерімен жүзеге асырылады және ұзақ уақытты қажет етеді дейді. «Мұғалім мектептің жүрегі» деп ұлы ағартушы Ыбырай Алтынсарин айтып кеткендей, заман талабына сай білім беруде, жас ұрпақ тәрбиелеуде ұстаздарға үлкен міндет қойылып отыр. білім сапасын қамтамасыз ету жолдарында басты мәселелердің бірі: «Оқушыны оқуға қалай үйрету керек?» деген сауалға тоқталады. Демек, оқытуды ұйымдастырудың сапасын арттыру мақсатын жүзеге асыруда мұғалім оқушыларға өңделген оқу материалын дайын күйінде ұсынбайды, баланы өз бетінше ойлап отырып, іздендіретін тапсырмалар арқылы бағыт беруші болып саналады. Оқушыны ынталандыра отырып, пәнге деген қызығушылығын арттыратын әдіс-тәсілдерді тиімді қолдану – мұғалім тарапынан көп ізденуді қажет етеді [3, б.81].

Қазіргі адамзат биігін білекпен емес біліммен бағындыру заманында Ұстаздарға жүктелетін міндет өте ауыр. педагог-демократ, ұлы Фридрих Адольф Дистервег өз еңбегінде «Материалын жақсы меңгерген мұғалім оқушыларына рухани азық бере алады» – деді. Ыбырайдың методика саласындағы ой-пікірлері оның шебер де еңбекқор педагог болғандығын танытады. ХХІ ғасыр табалдырығын білім мен ғылымды инновациялық технология бағытымен дамыту мақсатымен аттауымыз үлкен үміттің басты ныша-

ны болып табылады [6, б. 42]. Ұрпағы білімді халықтың болашағы бұлыңғыр болмайды. Жас ұрпаққа сапалы, өнегелі тәрбие мен білім беру-бүгінгі күннің басты талабы. Сондықтан қоғам мен мемлекет дамуының ең басты тетігі білім болып табылатыны мойындалды, оған ғасырлар тоғысында білімді халықаралық деңгейде дамытудың бағыттарына арналған реформалардың, соның ішінде Болон үрдісінің қарқынды дамуы дәлел. Қазақстанның білім беру саласындағы жүйелі өзгерістер әлемдік деңгейдегі болып жатқан жаңашыл бастамалармен үндесіп отыр. Ғалым-педагог білім беруді ұйымдастырудағы өзінің негізгі принциптерін де ұсынды. «Табиғатынан алғыр, талантты, зерек балаға қалай білім беру керек?» деген сұраққа жауап іздестірді. Ерекше назар аударатын жағдай, Ы.Алтынсарин сабақ кезінде білім алу мен сабақтан тыс уақытта білім алуды ұштастыруды ұсынды. Педагог-ғалым баланы бір жақты ақпаратымен жалықтырмай, оның қызығуын әрдайым қоздырып, туындатып, жандандырып отыру қажеттігін атап көрсетті. Қазіргі сабақтың, дәстүрден тыс сабақтардың түрі де әдістәсілдері де көп. Оның қайсысын таңдап алсақ та, сабақ үрдісінде педагогика ғылымының даму тарихында дәлелденген дидактикалық негізгі талаптары мен сабақтың құрылымы қатаң сақталуы керек. Жаңа технологияларды пайдаланудың ерекшелігі-тек стандартта берілген білімді меңгерту ғана емес, тұлғаның танымдық қабілеттерін қалыптастыруға, шығармашылық икемділігін дамытуға, оқушының өз бетімен іздену жұмыстарын жүйелі түрде істей білуге бағыттау болып табылады [4, б. 102].

Ы.Алтынсариннің XIX ғасырдың аяғында өзінің педагогикалық қызметінде ұстанған негізгі принциптері XXI ғасырға аяқ басқан, Қазақстанның қазіргі рухани-мәдени дамуында өзінің өзектілігін жоғалтқан жоқ. Керісінше, олар уақыт өткен сайын жаңа серпінге ие болып, дами түсуде. Бұл ғылым мен білім дамуындағы сабақтастықты және дәстүр тұрақтылығын дәлелдей түседі.

Әр заман, тарихи әр кезең элеуметтік құбылыстар өзінің дарынды өкілдерін жарыққа шығарып отыратыны мәлім. Олар елдің мұң – мұқтажын көре біліп, халқының сол мұқ- тажына перзеттік махаббаттын арнаған, туған халқының игілігі үшін бар күш жігерін жұмсаған ардақты азамат ретінде халық тарихынан орын алып отырған. Мұндай азаматтардың игілікті дәстүрлері ұрпақтан- ұрпаққа жалғасып, елдің тарихи, мәдени өміріне елеулі ықпал етіп келген. Қазақ халқының тарихында аса көрнекті орын алған сондай тұлғалардың бірі- Ыбырай Алтынсарин. Ол жаңашыл, дарынды ағартушы ғана емес, халқымыздың теңіздей толқып тасыған інжу – маржан жырларын жақсы біліп, еңбегіне арқау еткен. «Туған елге пайдалы іске қолдан келгенінше үлес қосу – әрқайсымыздың міндетіміз», – деп кеткен көреген ғұламаның сөзі де, ісі де әрқайсымызды өмірге құлшындырып, жаңа ғасырлардан жалғасын тапқан [5, б. 63].

Ыбырай Алтынсаринның әмбебап тұлғасын тану ұлттық дамуымызды танумен, білімділіктен кәсіби шеберлікке талап қылумен, іскерліктен мәдениетке ұмтылуымызбен, еуразиялық және әлемдік кеңістікке үйлесіп, орнықты мойындалуымызбен байланысты. Егемен еліміздің өркениеттілікке жету жолында Ыбырай Алтынсаринның де үлесі бар екенін біліп, айта жүретін жаңа буын жастар бар деп сенім артамыз.

#### **Әдебиеттер тізімі:**

1. Жармұхамедов М. Ыбырай Алтынсарин тағлымы. Әбеди-сын мақалалар мензерттеулер. – Алматы, 1991.
2. Ламашев Ә. Ыбырай Алтынсарин. – Алматы, 1991.
3. Дербісәлин Ә. Ыбырай Алтынсарин. – Алматы, 2005.
4. Алтынсарин Ы. Таңдамалы шығармалары. – Алматы, 1994.
5. Алтынсарин Ы. Екі томдық шығармалар жинағы. 1 том: Өлеңдер. Этнографиялық еңбектер. Ғылыми-әдістемелік шығармалар. – Алматы, 2003.
6. Даданова Е. Алтынсаринның жастар тәрбиесі жөніндегі еңбектері //Қазақстан мұғалімі. – Алматы, 1993.